

## **Республикалық бюджеттен алынған қаражатты қайтаруды қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 6 тамыздағы N 264

Республикалық бюджеттен алынған қаражатты сөзсіз қайтаруды қамтамасыз ету және шетел несиесін уақытында өтеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі "Кең дала" акционерлік қоғамымен бірлесіп екі апта мерзімде АҚШ несиесін өтеуге арналған кепіл міндеттемелерді тиісті түрде ресімдеуді қамтамасыз етсін.

2. "Кең дала" акционерлік қоғамына екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жобаны жүзеге асырудың схемасын және республикалық бюджетке ақша қаражатын өтеудің тетігін табыс ету, сондай-ақ астықты жинауды, сатуды және одан түскен қаражатты шетел несиесі бойынша берешекті өтеуге бағыттау ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Кең дала" акционерлік қоғамымен бірлесіп кепілдің құрылымын өзгерту және астықты сатуға және әкетуге арналған келісім-шарттар жасау жөніндегі "Кең дала" акционерлік қоғамының барлық іс-қимылын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен міндетті түрде келісу туралы келісімді әзірлесін және жасасын;

түскен қаражаттың шетел несиесі бойынша берешекті өтеуге мақсатты бағытталуы үшін бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр